

**2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық
жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға
арналған конкурстық құжаттамасы**

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарын іске асыруға бағытталған 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдардың іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерін гранттық қаржыландыру бойынша конкурс (әрі қарай – конкурс) жүргізіледі.

Конкурстың мақсаты – жас ғалымдардың ғылыми-зерттеулер бастамаларын ынталандыру.

2. 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша 40 жасқа (қоса алғанда) дейінгі жас ғалымдардың гранттық қаржыландыруға конкурстық құжаттамасы (әрі қарай – Конкурстық құжаттама) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 Қаулысымен бекітілген Ұлттық ғылыми кеңестер туралы Ережеге, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетімен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 Қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 01 тамыздағы №891 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жүргізу ережелеріне сәйкес жасалды.

3. Конкурстық құжаттаманы ғылым саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті (Ғылым комитеті) конкурсқа қатысуға арналған өтінімді даярлау мақсатында жасады.

4. 2020-2022 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы сомасы – 9 млрд.теңге, оның ішінде жылдар бойынша: 2020 жыл – 3 млрд.теңге, 2021 жыл – 3 млрд.теңге, 2022 жыл – 3 млрд.теңге.

2. Ғылымның басым және мамандандырылған бағыттарының аталымы

Басым бағыттар	Мамандандырылған ғылыми бағыттар
1. Энергетика және машина жасау	1.1. Жылу мен электр энергетикасы және қоршаған ортаға энергетикалық сектордың қоршаған ортаға әсері, энергия үнемдеу; 1.2. Баламалы энергия көздері мен технология: жаңартылған энергия көздері, ядролық және сутектік энергетика басқа да энергия көздері; өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қолдану; 1.3. Көліктік, ауылшаруашылық, мұнай-газдық және тау-кен металлургиялық машина жасау.
2. Табиғи ресурстарды, оның ішінде су ресурстарын оңтайлы пайдалану, геология, қайта	2.1. Химия ғылымдары саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер; 2.2. Топырақ ғылымдары саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер; 2.3. Геология және пайдалы қазбалардың кен орындарын өңдеу; 2.4. Минералды шикізаттарды кешенді пайдалану; 2.5. Су, топырақ және биологиялық ресурстарды басқару;

<p>өңдеу, жаңа материалдар және технологиялар, қауіпсіз бұйымдар және конструкциялар</p>	<p>2.6. Қоршаған ортаның және «жасыл» технологияның объектілерін мониторингтеу;</p> <p>2.7. Көмірсутек шикізатын кешенді өңдеу;</p> <p>2.8. Композициялық материалдар;</p> <p>2.9. Наноматериалдар мен нанотехнологиялар;</p> <p>2.10. Биомедициналық материалдар және биологиялық белсенді заттар;</p> <p>2.11. Табиғи шикізат пен техногендік қалдықтар негізіндегі көпмақсатты жаңа материалдар;</p> <p>2.12. Өнеркәсіптік биотехнология;</p> <p>2.13. Продуценттік биопрепараттар штаммдарын алу технологиясы;</p> <p>2.14. ПҚКО іздеу, барлау және өңдеу жүйелері;</p> <p>2.15. Табиғи және техногендік кен шикізатын байыту, кешенді қазып алу, өңдеу жүйелері;</p> <p>2.16. Рудалық емес пайдалы қазбаларды алу және пайдалану;</p> <p>2.17. Металдар мен материалдарды өндіру және өңдеу;</p> <p>2.18. Суды тиімді пайдалану жүйелері;</p> <p>2.19. Ақпасуды, газ тазартуды және тозаң тұтуды тазарту жүйелері;</p> <p>2.20. Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жүйелер;</p> <p>2.21. Биологиялық әртүрлілікті қолдау жүйелері;</p> <p>2.22. Парниктік газдардың шығарылу деңгейін төмендету және энергияның балама көздерін қолдану жүйелері;</p> <p>2.23. Жерлердің шөлейттенуі мен азуын тоқтату бойынша жүйелер;</p> <p>2.24. Ақпараттық жүйелер және дерекқорлар;</p> <p>2.25. Каталитикалық жүйелер және технологиялар;</p> <p>2.26. Арнайы ерекшеліктерімен полимерлік материалдар;</p> <p>2.27. Тігін және жеңіл өнеркәсіпке арналған функционалдық материалдар;</p> <p>2.28. Ғимараттар мен құрылыстардың жаңа құрылыстық конструкциялары, құрылыс материалдары мен бұйымдарды өндіру технологиялары, сейсмотұрақты құрылыс пен құрылыс қауіпсіздігі, жаңа архитектуралық нысандары.</p>
<p>3. Ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыш технологиялары, жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер</p>	<p>3.1. Зияткерлік ақпараттық технологиялар:</p> <p>3.1.1. Басқару және шешім қабылдаудың зияткерлік жүйелері (оның ішінде осы уақыттағы);</p> <p>3.1.2. Сөйлеу технологиялары және компьютерлік лингвистика;</p> <p>3.1.3. Образдарды айыру және кескіндерді өңдеу;</p> <p>3.1.4. Машиналық оқыту (machine learning);</p> <p>3.1.5. Зияткерлік робототехникалық жүйелер;</p> <p>3.1.6. Ғылым және білімдегі смарт технологиялар;</p> <p>3.1.7. Индустрияға арналған жаңа технологиялардың негіздері: толықтырылған және виртуалды шындық жүйелері, 3D-принтинг және басқа аддитивті өндіріс.</p> <p>3.1.8. Заттар интернеті.</p> <p>3.2. Телекоммуникациялық технологиялар:</p> <p>3.2.1. Байланыс жүйелеріндегі, деректерді ұсыну желілеріндегі басқару және оңтайландыру (оның ішінде мультисервистік платформаларда: мобильдік және ойын интернет технологияларында)</p> <p>3.2.2. Онлайн-саудаға, сандық банкингке және басқа да сандық қызметтерге арналған ақпараттық-коммуникациялық жүйелер.</p> <p>3.3. Ғарыштық технологиялар:</p>

	<p>3.3.1. Ғарыштық және жердегі-ғарыштық инфрақұрылымдар үшін аппараттық-бағдарламалық құралдарды жасау технологиялары;</p> <p>3.3.2. Алыс және жақын ғарыштың ғылыми және эксперименттік базасын дамыту.</p> <p>3.4. Өнімділігі жоғары есептеу технологиялары:</p> <p>3.4.1. Жинақтық, параллельдік және үлестірілген есептеулер;</p> <p>3.4.2. Big-data және data mining технологиялары;</p> <p>3.4.3. Есептеу жүйелерін техникалық қамтамасыз етудің жобалау технологиялары мен архитектурасы;</p> <p>3.4.4. Ақпараттық-іздеу жүйелері.</p> <p>3.5. Деректердің ақпараттық қауіпсіздігі мен қорғанысының әдістемелері мен жүйелері:</p> <p>3.5.1. Күрделі жүйелер мен деректердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің әдістемелері мен алгоритмдері;</p> <p>3.5.2. Ақпаратты қорғаудың технологиялары мен бағдарламалық-техникалық құралдары.</p> <p>3.6. Жаратылыстану ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер:</p> <p>3.6.1. Математика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер;</p> <p>3.6.2. Физика және астрономия саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер;</p> <p>3.6.3. Информатика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер;</p> <p>3.6.4. Механика саласындағы математикалық және компьютерлік модельдеу.</p>
<p>4. Агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы және ауылшаруашылық өнімнің қауіпсіздігі</p>	<p>4.1. Интенсивті мал шаруашылығының дамуы;</p> <p>4.2. Ветеринарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;</p> <p>4.3. Интенсивті егін шаруашылығы және мал шаруашылығы;</p> <p>4.4. Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;</p> <p>4.5. Ауылшаруашылық өнімді және шикізатты қайта өңдеу мен сақтау;</p> <p>4.6. Агроөнеркәсіптік кешенді жаңғыртуды техникалық қамтамасыз ету;</p> <p>4.7. Ауыл аймақтарын тұрақты дамыту.</p>
<p>5. Өмір және денсаулық туралы ғылым</p>	<p>5.1. Ауыл шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғаудағы биотехнологиялар:</p> <p>5.1.1. Геномдық редакциялау технологиясы, өсімдіктер мен жануарлардың тұрмыстық-бағалы белгілерін жақсарту үшін ілеспелі маркерлік және геномдық селекция;</p> <p>5.1.2. Ауылшаруашылық өсімдіктердің ауруларымен күреске арналған биотыңайтқыштар мен биологиялық препараттарды жасау биотехнологиясы;</p> <p>5.1.3. Жаңа буынның вакциналар, био- және дәрілік препараттарды және тест-жүйелерін жасаудың молекулярлық-генетикалық және жасушалық технологиялары;</p> <p>5.1.4. Табиғи экожүйелердің биотүрлілігін сақтау және ұдайы ұлғайту биотехнологиясы;</p> <p>5.1.5. Өнеркәсіптік және агроөнеркәсіптік ластанудан техногендік бұзылған экожүйелерді, ақпасу мен топырақты тазартуды оңалтудың биотехнологиялары;</p> <p>5.1.6. Энергияның балама көздерін алудың инновациялық биотехнологиялары;</p> <p>5.1.7. Биология, ауыл шаруашылығы және экологиядағы ақпараттық технологиялар.</p>

	<p>5.2. Медицинадағы биотехнология:</p> <p>5.2.1. Медицинаға арналған жасушалық технология мен тіндік инженерияның дамуы;</p> <p>5.2.2. Дербестелген медицинаны дамыту үшін молекулярлық-генетикалық, геномдық технология және биоинформатика;</p> <p>5.2.3. Ауырулардың симптомға дейінгі диагностикасы, профилактикасы және емінің мультиомдық және молекулярлық технологиялары;</p> <p>5.2.4. Адамның анте және постнатальді дамуы, қартаю, өмірін ұзарту мәселелерін шешудің жаңа технологиялары және биологиялық белсенді субстанциялары;</p> <p>5.2.5. Алдын алу медицинасына арналған био- және дәрілік препараттарды алудың жаңа биотехнологиялары.</p> <p>5.3 Отандық фармацевтикалық ғылымның және өнеркәсіптік биотехнологиясының дамуы:</p> <p>5.3.1. Медицина және ветеринарияға арналған бірегей дәрілік және профилактикалық препараттар, медицинаға арналған бұйымдар, жабдықтар, оларды өндіру технологиялары, клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулер;</p> <p>5.3.2. Өсімдік, жануарлар және минералды шикізаттардан биотехнологиялық әдістермен бағалы компоненттерді алу технологиясы;</p> <p>5.3.3. Ауыл шаруашылығы, тағам және өңдеу өнеркәсібі үшін биопрепараттардың штаммдарын-процеденттерін, ақуыз ферменттерін және амин қышқылдары ферменттерін алудың технологиясы;</p> <p>5.3.4. Биологиялық белсенді субстанциялардың микроағзаларын және/немесе ферменттерін қолдану арқылы шикізатты терең өңдеу технологиялары.</p>
<p>6. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері» (XXI ғасыр білім, гуманитарлық ғылымдар саласының іргелі және қолданбалы зерттеулері)</p>	<p>6.1 Әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер:</p> <p>6.1.1. Ғылымды қажет ететін бәсекеге қабілетті өндірістерді дамытудың әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерттеу;</p> <p>6.1.2. Мемлекеттің қазіргі жағдайдағы әлеуметтік және экономикалық саясатын іске асыру саласындағы зерттеу;</p> <p>6.1.3. Әлеуметтік және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың маңызды мәселелері және пәнаралық зерттеулер;</p> <p>6.1.4. Қоғам мен мемлекеттің жаңғыру жағдайындағы мәдениет, салт-дәстүр, құндылықтары саласындағы зерттеулер;</p> <p>6.1.5. Экономиканың III технологиялық жаңғыруы, 4.0 Индустриясы, өнеркәсіптік және технологиялық саясат, инновациялық экономика, ғылыми, креативтік және әлеуметтік кәсіпкерлік.</p> <p>6.2. XXI ғасырдағы білім мәселесінің іргелі және қолданбалы зерттеулері.</p> <p>6.3. Қоғамдық сананың жаңғыру мәселелерінің іргелі және қолданбалы зерттеулері:</p> <p>6.3.1. Жаңа гуманитарлық білім;</p> <p>6.3.2. Туған жер. Жалпы ұлттық бірлік, бейбітшілік және келісім;</p> <p>6.3.3. Қазақстанның рухани жерлері. Қазақстанның киелі географиясы;</p> <p>6.3.4. Тарихи, мәдениет пен тіл тұтастығы. Жаһандық әлемдегі Қазақстанның заманауи мәдениеті;</p>

	6.3.5. Рухани жаңғыру және Ұлы даланың жеті қыры.
7. Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс	7.1. Ұлттық қауіпсіздік пен қорғаныс мүддесіндегі техникалық құралдарды жасау.

3. Әлеуетті орындаушыларға қойылатын біліктілік талаптары

1. Конкурсаға ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері, сонымен қатар білім берудің автономиялы ұйымдары мен оларға бағынышты ұйымдардың қатысуға құқығы бар.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның ғылыми жетекшісі (әрі қарай – жоба жетекшісі) келесі азғантай біліктілік талаптарға сәйкес келуі керек:

– Қазақстан Республикасының азаматы, өтінім тапсыру мезетінде жасы 40 (қырық) жасқа (қоса алғанда) дейінгі;

– философия докторы (PhD) дәрежесі, бейіні бойынша доктор, немесе ғылыми дәрежесі (ғылым докторы немесе кандидаты);

– жоба жетекшісінің ғылыми зерттеулерінің саласы және (немесе) оның ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмысының тәжірибесі ғылыми жобаның бағытына сәйкес келуі керек.

3. Жоба жетекшісінің соңғы 5 (бес) жылда:

3.1. жаратылыстану, техникалық ғылымдар, өмір және медицина туралы ғылымдар саласындағы салалар үшін:

іргелі зерттеулер үшін:

– Web of Science және (немесе) Scopus халықаралық дерекқорларында индекстелген, нөлдік емес импакт-факторы бар шетелдік ғылыми басылымдарда рецензияланған кемінде 1 (бір) жарияланымның болуы;

– отандық және (немесе) шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) жарияланымның болуы;

қолданбалы зерттеулер үшін:

– Web of Science және (немесе) Scopus халықаралық дерекқорларында индекстелген, нөлдік емес импакт-факторы бар шетелдік ғылыми басылымдарда рецензияланған кемінде 1 (бір) жарияланымның болуы;

– отандық және (немесе) шетелдік ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) жарияланымның болмаса өнертабысқа кем дегенде 1 (бір) патенттің болуы;

3.2. қоғамдық, әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар, ауылшаруашылық, ветеринарлық және әскери ғылымдар саласындағы салалар үшін:

іргелі және қолданбалы зерттеулер үшін:

– шетелдік ғылыми басылымдарда 3 (үш) жарияланым;

болмаса:

– шетелдік ғылыми басылымдарда кем дегенде 1 (бір) жарияланым;

– Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған журналдарда кемінде 1 (бір) жарияланымның болмаса кемінде 1 (бір) қорғау құжатының болуы;

– отандық ғылыми басылымдарда кемінде бір жарияланымның болуы тиіс.

4. Жобаның зерттеу тобы мүшелерінің (әрі қарай – топ мүшесі) жалпы саны – жоба жетекшісін қосқанда 7 (жеті) адамнан аспайтын, өтінім тапсыру мезетінде жасы 40 (қырық) жасқа (қоса алғанда) дейінгі, барлық топ мүшелерінің жоғары білімі болуы тиіс.

Топтың құрамына 1 (бір) аспайтын шетелдік ғалым, сондай-ақ өндірістің инженерлерін тартуға болады.

5. Бұл конкурстың шеңберінде жеке тұлға:

– ғылыми жетекші ретінде – 1 (біреуден) аспайтын жобаға, сондай-ақ топ мүшесі ретінде

– 1 (біреуден) аспайтын жобаға;

– ғылыми жетекші болып табылмайтын топ мүшесі ретінде – 2 (екеуден) аспайтын жобаға қатысуға құқылы.

4. Конкурса қатысуға қажетті құжаттар

1. 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ілеспе хат;
2. Заңды тұлғаның (заңды тұлғалар үшін) мемлекеттік тіркеу туралы анықтама көшірмесі немесе жеке куәлігі (жеке тұлғалар үшін);
3. Өтінім берушінің аккредитация туралы куәлігінің көшірмесі – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі;
4. 2-қосымшаға сәйкес, жобаның қысқаша сипаттамасы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде;
5. 3-қосымшаға сәйкес, конкурса қатысу туралы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде өтінім;
6. Биологиялық және (немесе) медициналық бойынша жергілікті және (немесе) орталық комиссияның оң қорытындысы (адамдар мен жануарларға жүргізілетін биомедициналық зерттеулер үшін);
7. Жобаны қажетті, оның ішінде қаржылық ресурстармен ішінара қамтамасыз ету үшін жеке серіктес тарапынан бірлесіп қаржыландыруды тарту туралы мәліметтер (жобаны бірлесіп қаржыландыру бар болған жағдайда). Салынатын сомасының іске асырылу мерзімі көрсетіле отырып жасалған бірлесіп қаржыландыру туралы келісім Тараптардың мақсаттарының расталуы болып табылады.
8. 4-қосымшаға сәйкес жоба бойынша ұсынылатын ақпараттың растығы туралы өтініш.

5. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша конкурса қатысу үшін өтінім формасына және мазмұнына қойылатын талаптар, көлемі және бірлесіп қаржыландыру шарттары

1. 3-қосымшаға сәйкес, конкурса қатысу туралы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде өтінім. Өтінім мәтінінің мазмұны 3 (үш) тілде бірдей болуы керек.
2. Өтінімде жобаның іске асырылу мерзімі туралы ақпараты болуы тиіс – 3 (үш) жылдан аспайтын.
3. Жобаны іске асыруға қажетті сұратылған қаржыландыру сомасы тиісті жылға 10 000 (он мың) айлық еселік көрсеткіштен аспайтын. Зерттеулердің негізгі күтілетін нәтижелері сұралатын қаржыландыру көлемімен шамалас болуы тиіс.
4. Еңбек ақының жалпы қоры (еңбек ақы төлеу) зерттеу тобының барлық мүшелерінің, ғылыми жетекшіні қосқандағы еңбек ақысы (салық төлемін және басқа да бюджетке міндетті төлемдерді қоса алғанда) жобаны қаржыландыру көлемінің жалпы сомасының 60 (алпыс) % - дан аспауы тиіс.
5. Бөгде ұйымдардың (үшінші тұлға) қызметіне жұмсалатын шығындар жобаны тиісті жылдың іске асыруға сұратылатын қаржыландырудың жалпы көлемінің 30 (отыз) %-нан аспауы тиіс.
6. Өтінімде жеке серіктес тарапынан жобаға қажетті, оның ішінде қаржылық ресурстармен ішінара бірлесіп қаржыландыру туралы қосымша мәлімет болады.
7. Коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер «коммерциялық құпия» деген міндетті белгімен ұсынылады.
8. Өтінімдер ғылыми этика мен академиялық әділдіктің қағидалары мен нормаларын ұстануы тиіс.

6. Конкурса қатысу үшін өтінім беру процесі

1. Өтінім беруші және жоба жетекшісі конкурса өтінімді Ғылым комитетіне электронды сандық қолы (әрі қарай – ЭСҚ) қойылған электронды түрінде «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ (әрі қарай – Орталық) ақпараттық жүйесі арқылы www.is.ncste.kz сілтемесі арқылы береді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 01 тамыздағы № 891 Қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы

ұйымдастыру және жүргізу қағидасының 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес Орталықтың ақпараттық жүйесінен жеке тіркеу нөмірін (әрі қарай – ЖТН) алады.

2. «Құпия» белгісі бар өтінімдер «Мемлекеттік құпиялар туралы» заңнамасының талаптарын сақтай отырып, ҚР Білім және ғылым министрлігіне арнайы поштамен беріледі.

3. Өтінімдер өтінім берушіге келесі талаптар бойынша кері қайтарылады:

- рәсімделуі осы конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдер;
- талап етілген құжаттардың толық емес көлемде ұсынылған өтінімдер;
- плагиат және өтінім тақырыбының немесе мазмұнының мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамаға бұрын немесе бір уақытта берілген объектілерімен қайталану фактілері анықталған өтінімдер (көрсетілген фактілер болған жағдайда дәлелдер, негіздемелер келтірілуі, оның ішінде техникалық құралдарды қолдану және мамандануы мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама объектісіне сәйкес келетін тәуелсіз мамандарды тарту арқылы келтірілуі тиіс);
- мемлекеттік бюджет қаражатынан бұрын қаржыландырылған немесе қазір қаржыландырылып отырған бағдарламалар бойынша өтінімдер;
- Әлеуетті орындаушыларға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдер.

7. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асырудың қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелер

Ғылыми нәтижелер:

Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүзеге асырудың қорытындылары бойынша бүкіл кезеңде келесі нәтижелер алынуы тиіс:

1.1. Жариялануы тиіс:

жаратылыстану, нақты және техникалық ғылымдар, ғылым және медицина саласында:

іргелі зерттеулер үшін:

– Web of Science халықаралық дерекқорында индекстелетін шетелдік рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақаласы бар, ғылыми бағыты бойынша 1 (бірінші), немесе 2 (екінші), болмаса 3 (үшінші) квартильге кіретін және (немесе) ғылыми бағыты бойынша Scopus базасындағы CiteScore бойынша кем дегенде 35 (отыз бес) перцентилі болуы керек. Бірінші авторы зерттеу тобының мүшесі болуы керек;

– нөлдік емес импакт-факторы бар рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда жарияланымдары кемінде 2 (екі) жарияланым (ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған) болуы керек. Бірінші авторы зерттеу тобының мүшесі болуы керек;

қолданбалы зерттеулер үшін:

– Web of Science халықаралық дерекқорында индекстелетін шетелдік рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақаласы бар, ғылыми бағыты бойынша 1 (бірінші), немесе 2 (екінші), болмаса 3 (үшінші) квартильге кіретін және (немесе) ғылыми бағыты бойынша Scopus базасындағы CiteScore бойынша кем дегенде 35 (отыз бес) перцентилі болуы керек. Бірінші авторы зерттеу тобының мүшесі болуы керек;

– нөлдік емес импакт-факторы бар рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда жарияланымдары кемінде 2 (екі) жарияланым (ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған), болмаса 1 (бір) өнертабысқа патенті болуы керек. Бірінші авторы зерттеу тобының мүшесі болуы керек;

Қоғамдық, әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар, ауылшаруашылық, ветеринарлық және әскери ғылымдар үшін:

– Web of Science халықаралық дерекқорында индекстелетін шетелдік рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақаласы бар, ғылыми бағыты бойынша 1 (бірінші), немесе 2 (екінші), немесе 3 (үшінші), болмаса 4 (төртінші) квартильге кіретін және (немесе) ғылыми бағыты бойынша Scopus базасындағы CiteScore бойынша кем дегенде 20 (жиырма) перцентилі болуы керек. Бірінші авторы зерттеу тобының мүшесі болуы керек;

– нөлдік емес импакт-факторы бар рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымдарда жарияланымдары кемінде 2 (екі) жарияланым (ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған) болуы керек. Бірінші авторы зерттеу тобының мүшесі болуы керек.

1.2. Қолданбалы зерттеулердің жобаларының нәтижелері тәжірибеге енгізу (мүмкіндігінше).

2. Ғылыми жұмыстың жариялануы барысында жоба барысында және (немесе) оның аяқталуы барысында авторлар алынған грантқа оның ЖТН және қаржыландыру көзін көрсете отырып, сілтеме жасауы қажет.

3. Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша нәтижелерді қорғау құжаты немесе дайын ғылыми-техникалық өнім ретінде ұсынуға болады (жаңа технологиялар, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-өнеркәсіптік зерттемелер, географиялық, геологиялық және басқа да карталар, материалдар, препараттар, құралдар т.б.).

Ғылыми білімдер нәтижелерін тарату:

4. Жобаның іске асырылуы кезеңінде немесе соңғы жылында:

4.1. Осы конкурс аясында іске асырылатын жобалардың өкілдері жыл сайын Ғылым комитеті ұйымдастыратын жас ғалымдардың ғылыми конференциясына қатысуы тиіс.

4.2. Келесі талаптардың кем дегенде біреуі орындалуы керек:

– таңдалып алынған ғылыми бағытта зерттеулерді жалғастыру үшін аймақтық, ұлттық және (немесе) халықаралық ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық зерттеулер конкурсына өтінім беру;

– ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелерін коммерцияландыру бойынша аймақтық, ұлттық және (немесе) халықаралық конкурстарға өтінім беру;

– жоба тақырыбы бойынша монографиялар шығару.

5. ЖТН жариялау құқығы, мақұлданған жобаның аталымы және өтінім берушінің аты, ғылыми жетекшінің аты-жөні, жобаның аңдатпасы, күтілетін нәтижелер аңдатпасы, жобаны іске асыру жылдарында алынған нәтижелер аңдатпасы өтінім берушінің және (немесе) ғылыми жетекшінің келісімінсіз Орталыққа беріледі.

6. Жоба аясында алынған ғылыми зерттеулердің нәтижелері бекітілген заң тәртібімен Орталықта мемлекеттік есепке міндетті түрде алынады.

8. Жобаны қаржыландыру

1. Қаржыландыруы мақұлданған жобаларды іске асыру Қазақстан Республикасында жүзеге асырылуы тиіс.

2. Гранттық қаржыландыру қаржысын жобаның ғылыми жетекшісі бөледі.

3. Гранттық қаржыландыру қаржысы күтілетін өтінімдегі нәтижелерге, міндеттерге, мақсаттарға жету үшін Ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген және 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 Қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасына сәйкес, конкурсқа дайындалған жобаларды ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық гранттық қаржыландыру өтінімінде көрсетілген ғылыми зерттеулерді жүргізуге тікелей байланысты шығындар түрлеріне бағытталуы тиіс.

4. Гранттық қаржыландыру қаржысы тиіссіз және орынсыз пайдаланылса, өтінім беруші мен жоба жетекшісі Қазақстан Республикасы заңдарымен бекітілген жауапкершілікке тартылады.

5. Жобаларды орындаушы ұйымға гранттық қаржыландырудан қаржы ұстауға рұқсат етілмейді.

6. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурстың жеңімпазымен ғылыми, ғылыми-техникалы жобаны іске асыруға арналған келісім-шартқа, толықтырулар мен өзгерістер енгізілетін 5-қосымшаға сәйкес үлгіде жасалады.

7. Өтінім беруші жоба бойынша есеп пен есептілікті бекітілген заң тәртібімен жүргізеді.

Конкурстық құжаттамаға

1-қосымша

Ұйым жетекшісінің қолы қойылған (тұлғалар үшін) ұйымның тіркелім нөмірі бар хатының
 бланкісіне немесе өтінім берушінің, жоба жетекшісінің қолы қойылған хатының бланкісіне
 (жеке тұлғалар үшін)

ІЛЕСПЕ ХАТ

1. Конкурс атауы.
2. Конкурс нысаны болып табылатын ғылым дамуының басым бағыттары және мамандандырылған ғылыми бағыттарының атауы.
3. Жоба тақырыбының атауы (3 тілде).
4. ҒТА мемлекетаралық рубрикатор коды (ҒТАМР) (xx.xx.xx; xx.xx.xx;...)*
5. Зерттеу түрі (іргелі/қолданбалы зерттеулер).
6. Сұралатын қаржыландыру сомасы (жалпы жобаны жүзеге асыру барлық мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңгемен).
7. Жобаның басталу және аяқталуы туралы болжанған мерзімі.
8. Жобаны жүзеге асыру мерзімі (аймен көрсету).
9. Өтінімде клиникаға дейінгі зерттеулер, әдістемелік-биологиялық тәжірибе және клиникалық сынақ туралы мәліметтер бар болса (адамдар мен жануарлардың қатысуымен зерттеу қарастырыла ма). *
10. Өтініш беруші туралы дербес мәліметтер:
 Жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы, ЖСН (ИИН), байланыс телефондары (мобильді телефон, e-mail).
 Заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның толық атауы, заңды мекен-жайы, БСН (БИН), байланыс телефондары (телефон, e-mail).
11. Жобаның ғылыми жетекшісі туралы дербес мәліметтер (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны, мекен-жайы, ЖСН, байланыс телефондары (телефон, e-mail) және ол қатысатын жобалар туралы мәліметтер.

Ұйым жетекшісінің аты-жөні _____ (қолы)

Жеке тұлға атынан өтінім беру

барысындағы өтінім берушінің аты-жөні _____ (қолы)

Ескерту.

* 4-тармақ <http://grnti.ru/> сәйкес толтырылады

** 10-тармақ медицина және ветеринария саласындағы медициналық-биологиялық және басқа препараттар мен құралдарды құру саласындағы зерттеулермен байланысты болса ғана толтырылады

ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ*

1. Жоба тақырыбы атауы (20 сөзден аспауы тиіс)

2. Жоба рефераты (абстракт) (250 сөзден аспауы тиіс)

Бөлімде Жобаның қысқаша мазмұны (250 сөзден аспауы тиіс), жоба нәтижесі кімнің қажеттілігіне бағыттылған, зерттеу өзектілігі, қолданылған әдістемесі, күтілетін нәтижелер және олардың қолданымдылығы, әлеуетті тұтынушылар көрсетіледі.

3. Жобаның мақсаты мен міндеттері (200 сөзден аспауы тиіс)

Жобаның міндеті мен мақсаты жинақы және нақты, Жоба тақырыбына сәйкес келуі керек.

3. Түйін сөздер

Бөлімде Жобаға қатысты 10-ға (он) дейінгі түйін сөздер көрсетіледі.

**Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдар үшін
ғылыми зерттеулерді іске асыруға арналған гранттық қаржыландыру бойынша
конкурсқа қатысу үшін**

Өтінім

1. Жалпы ақпарат

1. Жоба тақырыбының атауы.
2. Өтінім берілетін ғылым дамуының басым бағытының атауы.
3. Өтінім берілетін мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы, зерттеу түрі.
4. Жобаның басталуы және аяқталуы туралы болжанған мерзімі.
5. Гранттық қаржыландыру бойынша сұралатын жалпы сома (жалпы жобаны жүзеге асыру барлық мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңгемен).

2. Жоба сипаттамасы

1. Кіріспе бөлім [100 сөзден аспауы тиіс]

Бұл бөлімде жобаға басты қатысушылар (жобаның ғылыми жетекшісі), олардың ғылыми мүдделерінің бағыты, жоба идеясының қысқаша сипаттамасы көрсетіледі (оның бағытталған проблемалары және оның шешу жолдары).

2. Жобаның мақсаты [100 сөзден аспауы тиіс]

Жобаның мақсаты жинақы және нақты, Жоба тақырыбына сәйкес келуі керек (Жобаның мақсаттары жобаны іске асыру нәтижесінде алынатын шешімнің сипатын көрсетуге қол жеткізуге тиіс. Мақсаттың мазмұны жүргізілген зерттеулер нәтижесінде жауап беру болжанатын негізгі мәселені көрсетуі тиіс).

3. Жобаның міндеттері [500 сөзден аспауы тиіс].

Бұл бөлімінде жобаның мақсаты және оған жету жолдары, жоба мақсатына жету әдістері, оларды жүзеге асырудағы қысқаша түсіндірмесімен қойылған міндеттер және күтілетін нәтиже сипатталады (міндеттер міндетті шешудің өлшенетін көрсеткіштерімен; жобаның мақсатына қол жеткізудегі әрбір міндеттердің рөлінің қысқаша негіздемесімен және жобаның басқа да міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен өзара байланысы; өтінім берушінің пікірі бойынша басқа да маңызды параметрлермен).

4. Жобаның маңыздылығы мен ғылыми жаңалығы [2000 сөзден аспауы тиіс].

Бөлім келесідей ақпараттарды қамтиды:

1) жобаны дайындаудың алғы шарттары, зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты дүниежүзінде (және Қазақстан Республикасында) осы күнге дейін болған ғылыми зерттеулерге міндетті түрде шолу жасалынған ғылыми жаңалықтың негіздемесі және осы Жобамен өзара байланысы (мәтінде қолданылған әдебиеттерге міндетті түрде сілтеме жасалуы, олардың мағынасын 8 «Библиография» бөлімінде толық ашып көрсетілуі тиіс). Бар болған жағдайда алдын-ала алынған нәтижелер көрсетіледі;

2) жобаның ұлттық және халықаралық деңгейдегі маңыздылығы (оның нәтижелерінің экономиканың, ғылымның және (немесе) қоғамдық қатынастардың тиісті саласын дамыту үшін қолданылуы);

3) мәлімделген зерттеудің (ғылыми бағдарламалар үшін) маңыздылығы мен қажеттілігін негіздеу үшін білімнің сәйкес салаларының трендері кіретін ғылыми және технологиялық қажеттіліктер (қажет болған жағдайда әлеуметтік сұраныс және экономикалық және индустриалды қызығушылықты қосу);

4) алынған нәтижелердің ғылым мен технологияның дамуына әсері және күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсері (ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғылыми-техникалық әлеуеттің деңгейіне, ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының бәсекеге қабілеттілігіне; күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар).

5) зерттеулердің пәнаралық ерекшелігін көрсету (болған жағдайда).

Осы бөлімді сипаттау кезінде келесі ұстанымдарға назар аудару қажет:

1) Жоба идеясының қолданыстағы аналогтардан принципиалды айырмашылықтарын сипаттау қажет;

2) егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі Қазақстанда жоқ, бірақ әлемде бар болатын болса, онда Жобаның нәтижесінен қаржыландырылуы тиіс екендігін негіздеу қажет;

3) егер Жобаның нәтижесі өнім болса, онда Жобаның пәндік саласында отандық және шетелдік өндірушілердің табыстары туралы мәлімет келтіре отырып, қазіргі кездегі қалыптасқан техниканың деңгейін жазу қажет;

4) ғылыми-техникалық жобалар үшін Жобаның негізіне алынған зерттеу және бәсекелес және/немесе балама технологиялар бойынша құрастырулар саласында көшбасшы топтарды көрсету қажет.

5) егер жоба өтініш беруші бұрын жүргізген ғылыми зерттеулердің жалғасы болып табылса, онда жобаның бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен өзара байланысын және оның олардан айырмашылығын нақты және қысқа баяндау қажет.

3. Зерттеу әдістері және этикалық сұрақтар [1500 сөзден аспауы тиіс]

Бөлім келесідей ақпараттарды қамтиды:

1) жобада таңдалған көзқарас, қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерінің негіздемесі ретінде пайдаланылатын ғылыми әдістерді сипаттау (жобада қолданылатын зерттеу түрлері - сипаттау, корреляциялық және/немесе эксперименталдық. Зерттеу жүргізу реті);

2) критикалық нүктелері, жобаны жүзеге асырудың баламалы жолдары (өтінімде ұсынылғандармен салыстырғанда олардың артықшылықтары мен кемшіліктері).

3) Жоба аясында ғылыми этиканың қағидаларын сақтау қамтамасыз етілуі тиіс, яғни басқарудың этикалық процедуралары, соның ішінде зияткерлік адалдықтың жоғары стандарттарын ұстану және ғылыми мәліметтердің бұрмалануына плагиат және жалған қос авторлықтың болуына әкеліп соғатын ғылыми мәліметтердің фабрикациялануына, фальсификациялануына, ұжымдық зерттеуге басқа қатысушылардың рұқсатынсыз зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелер мен тұжырымдарды пайдалануға жол бермеу;

4) адамдар мен жануарлардың қатысуымен жүргізілетін зерттеулердің механизмін және бөлшектік тәртібін, жоспарланған зерттеулердің Қазақстан Республикасы заңнамаларына (және этикалық нормаларға) сәйкестігін сипаттау;

5) зерттеу нәтижесіне зияткерлік меншік құқығын бөлу және ресімдеу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қай тәсілі таңдалатындығын көрсету қажет, таңдауын негіздеу).


4. Жоспарлау және жобаны басқару [1500 сөзден аспауы тиіс]

Бөлім келесідей ақпараттарды қамтиды:

1) зерттеу тобының құрамын, олардың ұстанымын, біліктілігін және жобадағы жұмыс бағыттарын сипаттау;

2) жоба кезеңдерін, қойылған міндеттерді, олардың негізделген маңызы, Гант диаграммасы енгізілген типтік күнтізбелік жұмыс жоспары (қойылған міндеттер*уақыт (ай бойынша)).

Ганта диаграммасының екі жылдық жобаға арналған үлгісі:



Күнтізбелік жоспардың үлгісі

р/с	Жоба міндеттерін жүзеге асыру бойынша тапсырмалар, шаралар атауы	Ұзақтығы (ай бойынша)	Жұмыстың басталу мерзімі (күн/ай/жыл)	Жобаны жүзеге асыру жылдары, жобаны жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер (тапсырмалар мен іс-шаралар қимасында)		
				2020	2021	2022
	Тапсырмалар атауы			күтілетін нәтижелер		
1	Іс-шаралар атауы			күтілетін нәтижелер		
2	Іс-шаралар атауы			күтілетін нәтижелер		
	Іс-шаралар атауы				күтілетін нәтижелер	
1	Іс-шаралар атауы				күтілетін нәтижелер	
2	Іс-шаралар атауы				күтілетін нәтижелер	
	Іс-шаралар атауы					күтілетін нәтижелер
1	Іс-шаралар атауы					күтілетін нәтижелер
2	Іс-шаралар атауы					күтілетін нәтижелер

Ескерту * – күнтізбелік жоспарда мереке күндері көрсетілмейді

3) Жобаны жүзеге асыру барысында әр жылға жазылған Жобаның жалпы құнының негіздемесі (мың теңгемен) және шығындар сметасы. Ағылшын тілінде ресімделген өтінімдерде шығындар бабы теңгеге шаққандағы АҚШ долларымен (өтінім берген күнге ҚР Ұлттық банкінің мәліметтері бойынша) көрсетілуі тиіс. Жоба бюджетін жұмыс жоспарына сәйкес ғылыми жетекші бөледі және ол жобадан тыс шығындар бабына бағытталмауы керек.

Барлық шығындардың жалпы сомасы қаржыландыруға сұрап отырған соманы көрсетеді және ол 5-б. «Жалпы ақпараттарда» берілген қаржыландыруға сұралып отырған сомаға эквивалент болуы тиіс.

Жобаға Ұлттық ғылыми кеңестің шешімі негізінде бюджет бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін.

Жобаның сұратылып отырған сомасы бойынша шығыстардың жиынтық сметалық есебі 2-кестеге сәйкес толтырылады

Бюджет бабына келесідей шығындар енгізіле алады:

1) еңбекақы (еңбекке ақы төлеу) – барлық салықтар мен есептеулерді ескере отырып, ғылыми зерттеуді жүргізуге қатысқан ғылыми қызметкердің еңбегіне сыйлықақы;

2) ғылыми іссапарлар (қызметтік іс-сапарлар) – зерттеу жүргізумен байланысты іссапарлар, алайда ол мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен ақы төленетін мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы аумағында қызметтік іссапарлары туралы ережемен, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылдың 22 қыркүйегіндегі № 1428 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, сондай-ақ «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 Қаулысымен бекітілген іссапар шығындары нормасынан аспауы тиіс 4 және 5-кестеге сәйкес .

3) бөгде ұйымдардың қызметі (бөгде тұлғалардың қызметтері) – зерттеуді орындау үшін қажетті басқа ұйымдардың қызметін, ұжымдық пайдалану ұлттық зертхана қызметтері, соның ішінде конференцияларға қатысу үшін ұйымдастыру жарнасы.

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын (аутсорсинг) орындайтын бөгде ұйымдар қызметтері орындаушылардың жұмыстары және түрлері, көлемі бойынша жұмыстардан күтілетін нәтижелерді көрсете отырып, ұсынылады;

Бөгде ұйымдар қызметіне (үшінші тұлғалар) жұмсалатын шығындар жобаны қаржыландырудың жалпы көлемі жиынтығынан 30 (отыз) %-дан аспауы тиіс.

4) Материалдар сатып алу – зерттеу жүргізу үшін қажетті материалдар 7-кестеге сәйкес.

5) Жабдықтар және бағдарламалық қамтамасыздандыру сатып алу (заңды тұлғалар үшін) 8-кестеге сәйкес.

Бір жабдықтың құны 4000 АЕК-тен асып кеткен жағдайда, ол жабдықтың ұжымдық пайдаланудағы ұлттық зертханасында жоқ екендігін жазбаша растау, оны сатып алу қажеттілігі туралы негіздеме, жабдықты мемлекеттік ұйымдар жанында қызмет ететін ұжымдық пайдалану ұлттық зертханасында орналастыру туралы жазбаша растау.

